


- Оны ғұмыр бойы іздедім, - Ол әңгімесін кенеттен бастады. - Жер ортасынан асқанша. Кемі отыз жыл өткен шығар. Аяулымды жоғалтқан алғашқы жылдар маған ауыр тиді. Тіке жындануға шақ қалдым. Құрбы-құрдастарым «өңіңде емес түсіңде көргенсің ғой шамасы», - деп әжуалады. «Әдейі көз алдағаны, осыныңда талап жоқ, қыздарға қырсыз басынан», - деп сөз шығарды кейбір жыбырлақтар. Сонда да қайтпадым алған бетімнен. Шарқ ұрып іздей бердім асыл бейнені. Ғашығымды десем артық болмас.

Бозбаланың көркеміне қай бойжеткен көз қиығын тастамайды. Алайда, мен қыздарға көрінеу салқын тарттым. Оған кірпияз кінәмшілдігім себепкер деп ешкімді иландыра алмаймын. Ондай кіді мінез екінің бірінде бар. Қыздарға «жауығұым» әулетіміз тап болған келеңсіздіктен бастау алды. Туған ағамның шаңырағы ойда жоқта шайқалып кетті де, өмірге деген құштарлығым күрт бәсеңсіп сала берді. Ағай айтары жоқ, қияпатты еркек болатын. Жігіттің қызыл қайыңы еді. Келісті кесек пішіні әйел біткенді жалт қарататындай тартымды еді-ау! Суырылған шешендігіне бір сыдырғы әншілігі үйлескен облыстық драма театрының талантты актері болатын. Жеңгеміз өзіне сай еді. Сұлулығымен қараңғы үйді жарық қылатындай нағыз ай қабақ, алтын кірпіктің өзі-тін. Екеуі қолтықтасып келе жатқанда, көз біткен сұқтанбай қалмайтын. Сөйткен жұбайлық жарасымдары ойда жоқта насырға шауып кетіп еді. Ағай театр группасымен ел аралап, ойын қойып жүргенде, келіншегі ашынасымен әуейленген. «Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында» деп бекер айтылмаған. Жеңгеміз жеңсікқойдың өзі болды да шықты. Сапардан оралған ағай, сірә, қосалқы кілті қалтасында жүрсе керек, есікті ашып кіріп барса, әйелі бөтен еркекпен қойында-сып жатқан көрінеді. Содан жанжал бас-талған. Әшкереге ұшыраған мекер қатын сол күні-ақ қарасын батырған. Бір жақсы жері, көкем оған қол тигізбепті. Былайша, қайсар еді. Сүйіп алған жарының опасыздығына



Өмір КӘРІПҰЛЫ

тап алып, екі бетінен алма кезек сүйдім. Одан ерініне төндім. Ашық омырауына тұм-сығымды көміп жіберіп, жұп-жұмсақ жұпар исін құныға жұта бердім, жұта бердім. Құшағымнан босанған оның кірпіктеріне жасіркіліп қалған-ды.

Қыз уәдесінде тұрмады. Оны күте-күте күдерімді үзген соң, қызмет орныма оралдым. Бастығым кешіккеніме кешірім жасады. Іле өтініш бердім. Оралда сөз байласқан адамым бар деп төтесінен кеттім. Шындығында менікі «асығыстық шайтанның ісі» дегізетіндей тым үстірт шешім-тін. Атын жөндеп ұға алмаппын. «Шыдан» басталады. Жобалағанда Шекер мен Шырынның біреуіне келеді. Мекен-тұрағын айтқан тәрізді еді. Жадымда ұстап қалмаппын. Менде ес жоқ еді. Көзсіз көбелектей тіке отқа түсуге бармын. Махаббатқа сұсаған пақырыңды жадылаған арудың қабағынан қатқылдық байқала қоймаған. Тәкаппарлыққа жоқ сияқты. Мінезінде ұяңдық байқалады. Көрген түсін көңіліне алғанына қарағанда, ырымшыл болғаны ғой. Тал бойындағы нәзіктік жан

айтып жеткізе алмады деп. Сөзге шорқақпын, сәулетшімін ғой бар болғаны. Тиіп-қашып сурет саламын. Өлі-тірісі белгісіз ғазиз жанды қыл қаламмен бейнелегенде, расы керек, қатты қиналамын, Кемінде жиырмаға тарта нұсқасын салған шығармын. Салған суретімнің біріне де көңілім толмайды.

Асыл жанды жоғалтқаным отыз жыл өткенін өзімше атап өтпекші болдым. Кісі далбасалағанда нендей де бір ерсілікке ұрынады екен. Сурет көрмемді ұйымдастыру мақсатында, Орал қаласына бармаймын ба?! Есімі елге белгісіз әуесқой суретшіні кім қошуаға алсын. Талабымнан нәтиже шығара алмадым. Мен барған қарсаңда, қалада жергілікті қылқалам шеберінің көрмесі өтіп жатты. Суретшінің сан алуан тақырыптағы туындысына, өзімше баға беріп, сын көзінен өткізіп жүргемін. Өзгеше мәнерде салынған бір суретке арбалдым да қалдым. Қол арбаға таңылған әйел шолақ қолымен сәбиге ұмсынады. Сау қолына көгершін қондырған. Жұандығы жеңді білектей тоқ бұрымы артында шұбалып жатыр. Шұбатылған бұрымға

# Жоғалып табылған

# МАХАББАТ

төзе алмады. Рухы жасып іштей мүжілген ол жүрек талмасынан көз жұмды.

Содан былайғы жерде әйел затына деген «өшпенділік» бірте-бірте мінезіме ауысып, көркімен көз суырған керімдерден сырттай-тынды шығардым.

Аға-жеңгемнің сәтсіз махаббатының салдарынан санама дақ түсіріп алған менің студенттік жылдарым жарқыл-жұрқылы бәсең, қоңырқайлау өтті. Суретші болсам деген талабым орта жолда қалды. Сәулетшілікке бейімделіп, архитектор мамандығына ойысқан менің бейнелеу өнеріне де ыңғайым бар еді. Алғашқы қалам алды туындым ағай мен жеңгейге арналған еді. Екеуінің қол ұстасқан бақытты кезін қылқаламмен салып шыққан қарсаңда, қабындаған жоқ па от басының бүліншілігі. Сурет салудан содан былайғы жерде, ада-күде тиылдым. Сәулетшілік оқуға түскенім содан. Сұлулық маған құбыжық, бол көрінеді. Әсіресе, әйелдердің сұлуына өшпін. Жасырып не қыламын, сырт көзге кекірттеу көрінсем де, ішкі дүниемде мазасыздық басым. Жастықтың алаулаған жалынына төтеп бере алмай, сыр алдырып алғанымды қопсытып қайтемін. Нағыз кездеспей жүрген бейнені қиялымда ұстадым.

Ештеңеге селт етпейтін меңіреулікпен қатты тұйықталдым. Соңғы күрестің жүгі ауыр келетіні бар емес пе. Үлгерімім онша болмады. Өйтіп-бүйтіп қолыма диплом алған соң, әке-шешем тұратын ауылдан да, ағамды жұтқан қаладан да безе қашып, Ақтөбеге тартып кеттім. Қалалық мекемеге қатардағы архитектор боп орналастым. Мамандық ыңғайына икемделудің ығытымен жүргенде бір жылым өте шықты. Сәулетшілікке еркін төселіп, жат ортаға үйренісе бастаған күндердің бірінде, тәжірибе алмасу мақсатында, көршілес облысқа іссапармен бардым. Өзіміздің Оралға, Қасым ақын жырлаған қалаға. Қала мені тарта қоймады. Сәулет өнерінен қалыс қалғандай көрінді. Тек ақ пен қызылға бөлініп майдандасқан жылдардың жағаласын көз алдыға әкелетін Чапайдың қылыш ұстаған айбарлы мүсіні көңіліме қонды.

Сұлулық дегеніміз не? Осы сұрақ әр кез мазалайтын. Маған адамнан өткен сұлу жоқтай көрінеді. Анамыз келбетті әйел-тін.

қарсы алдымда тұрған нәзік те ұяң, ибалы бойжеткен қиялымдағы бейнеден аусайшы! Түп-тура соның сыңары есепті.

Шатасқанымды осыдан-ақ байқарсыз. Сұлу атаулыға майдан ашып қиястанған қиқаржазған нақ сол сәтте екіұрық адамның кейпінде еді.

Әлгі қыз бақтағы орындыққа барып отырды.

- Қарындас, - дедім жақындап барып. - Сізді бір жерде көрдім-ау деймін. Атыңызды ұмытып тұрмын.

- Қиялыңызда шығар, - деді ол еш құйтырқысыз. - Адамға адам ұқсай береді.

Не айтарымды білмей қолайсызданған мені өжет батылдық билеп алды. Әдеттегі тәртіп бойынша «жақсы онда, кешіріңіз» деп жөніме кетудің орнына, табаным жерге жабысып қалғандай-ақ бір орыннан тапжылмадым. Оралымсыздық жасап алсам мына бейтаныс сұлуды уркітіп алатындай көріп, қарсы алдында тас мүсінше сірестім де қалдым. Жай тұрмаған сияқтымын. Оны көзіммен ішіп-жеп барамын.

Мен сонда есеңгіреп қалыппын. Онымды бейтаныс ару келесі күнгі жолығыста шет жағалатты. Нақ сол орындықта, алуан түрлі гүлмен көмкерілген хауыз бақта аздап сыр бөлістік. Келесі күнгі кездесуіміз де ресми өтті. Бір-бірімізді іштей ұғынысқан ниетте қимай қоштастық. Тұнық қара көзіне үйірілген мұңды жұмсақ жымиыспен бүркемелеген ол ақша бетін ерініме тосты. Құшағымға тартып жазыңқы маңдайынан сүйдім. Ішім еріп бара жатты. Жылағым кеп кетті. Мынау бір босаң жігіт екен деп ойлап қалмасын деп, көзімнің жасын шаққа тежедім.

- Ертеңге шейін, - дедім оның сүйіріктей жұмсақ саусақтарын алақанымда ұстап. Ол мені көзімнен аялап тұрды.

- Мен елге жүріп кетуге тиістімін, - деді ол ертеңгі жолығыста. - Қасымда таныстарым болады. Нағашымның қыздары. Басқаша ойлап жүрер, келмей-ақ қой. Хат жазысып тұрармыз.

- Болмайды! - дедім оқыс ширеңіп. - Ендігі жерде өзіңізсіз ғұмыр маған қараң.

Қыз басын изеді. Мақұлдағанын қабағынан байқатты.

Түнімен дөңбекшідім. Еркімді билеп, есімді кетірген аруды бір көріп қалғалы ав-



дүниесімен орайласқан сүйкімді жан сөзінде тұрмай жалтарып кетуі мүмкін бе?! Торға шырмала қоятындай аңқау шалыс көрінбейді. Байыпты тәрізді еді. «Әй, әлгі көрген түсі тегін емес-ау, бір пәлеге ұшырап қаямаса не қылсын?!».

Бір күндері әкем жетті түтігіп. «Ауылға қайт! - деді тікесінен. - Тілімді алмасаң көз алдыңда жарылып өлемін». Беті қатты әкенің айтқанынан шыға алмадым да, туған босағама оралдым. Шешем құшағынан босатпай ұзақ жылады. Сұлуға арбалғанымды жұмбақтап жеткізді. «Ағаң тәрізді арманда кетіп жүрме» деп аңырағанда, қатты босаңсыдым. Шешеммен қосыла жыладым. Көкемді жоқтадым. Өзімнің талайсыз тағдырыма налыдым.

Ендігім қисынсыз еді. Әке-шешемнің ұй-

ұмсынған қолдың тырнақтары мейлінше өсіпкі. Қылқаламмен бейнеленген әйел кекселеу көрінеді. Дегенмен де дидарында жастықтың уыз табы бар сықылды. Шатынаған шаралы көздерінен аздаған уыт байқалады. Тағдырына беріспеген қайсарлықпен алдыңғы жаққа қаймықпай тік қарайды. Сонымен қоса қабат, әлдебір бейнені назарында ұстап қалуға тырысатындай ма?! Бұлыңғыр тұман арасынан қылаң берген кескін біресе алыстап, біресе жақындап, бояулар үйлесімінің құдіретімен сан құбылады. Арбаға таңылған әйел назарындағы еркек бейнесі көзіме жылы ұшырай кетті. Сәтте сан ойдың басын шалдым. Жоғалтқан аруға суретімді ұсынғаным есіме түсе кетті де: «Мынау мен ғой! - дедім өзімнен аумай қалған суретке қадалып.

Ағай екеуіміз түр жағынан шешемізге ұқсайтын едік. Әсіресе, көкем марқұм көрікті. Мен сәл тұнжыраңқы едім. Ағай отырған жерін ойып түсіретін өткір сөзді, әзілкеш, күлдіргі кісі еді. Оған сұқтанбаған көз сірәда қалмаған шығар. Сөйткен серіні ғашық боп қосылған жары оққа байлап берген жоқ па. Жеңгемнің көркіне ақындар теңеу таппай қиналар еді. Сұлулығын жат құшақтың еркіне билетіп алған опасыз қатынның лаңы көкемді көрге тығып тынса, мені өмірге құштарлығымнан, әсемдікке ынтызарлығымнан айырды.

Бір айлық іссапардың аяқталуына бір жеті қалған-ды. Нан табар кәсібіме байланысты ізденісімді жалғастыра бердім. Қала сәулетінен өзіме керектісін қамтып қалу мақсатында, көше аралауға уақытымды бөлдім.

Күн екіндіге құлап, ыстықтың беті қайта бастаған-ды. Мөлдір ағысты Жайық өзені баяу сырғиды. Жағалауға жақындай бергенімде, маған қарсы шыққан бойжеткенге арбалып қалт тұрып қалдым. Бейтаныс ару сәл бөгелді де, жүрісін жылдамдатты. Мен оған қарсы жүрдім. Жүздесіп жөн сұрасайын деген ой басыма келді деп өтірік айта алмаймын. Қыздан жалтарғанды жігіт басыма лайық көрмедім десем, шындыққа бір табан жуықтайды. Нанамысыз, сізге өтірік, маған шын, қиялымда жылдар бойында ұстап, санамда сары майдай сақтаған, көңілімнің көмбесіне жасырып келген құпия бейне барша ажар-көркімен, сұлу сымбатымен, келісті керім кейпімен қарсы алдымда тұрды.

- Кешіріңіз, - деді ол жұмсақ жымыып. - Сізді біреуге ұқсатып...

Меңде қыбыр жоқ. Тіл-аузым байланып қалғандай меңірейген қалыпта одан көзімді айырмадым. Бұл халімді өзім анық сезініп те тұрған жоқпын. Шыны керек, кейінгі кездері меңде бір бос қиял пайда болған-ды. «Ғайыптан періштедей бір аруға жолықсам-ау, шіркін!» деген арманды қиялымда қаузағанда, көз алдымда нұр сипатты сұлу қыз тұрады. Өзін бір жерде көрген тәріздімін. Мына

тобекетке бардым. Қыздың өзі ғана екен. Емін-еркін әңгімелесуге уақыт тарлық етті. Жолаушы көлігіне отыру басталды.

- Бір жаман түс көріп, - деп күмілжіді ол. - Жайынға жұтылып бара жатыр екенмін деймін. Сен арашаға ұмтыласың. Қолымнан тартып шығармақшы боласың судан. Содан жан даусым шығып ояңғаным...

- Жай шығар, - дедім оны шошытқым келмей. - Менің де ұйқым қашып... Өзіңнен қалғым келмейді. Біртүрлі боп... Бірге кетсем қайтеді?!

- Екі-үш күнде қайтіп келемін, - деді сәл күрсініп. - Осындағы нағашымның үлкен ұлы үйленбекші. Солардың тойында боламын. Өзің де қатысарсың. Тарту-таралғыңды дайындай бер. Сонда шешерміз келешек жағдайды.

Қыз бұп-бұйра тығыз шашымды нәзік саусақтарымен тарамдады. Жүп-жұмсақ алақанын бетіме басты. Одан арқасында бұратылған бұрымын мұрыныма жұғыстырды.

- Айтпақшы әдірісіңді?!  
- Қайтып келемін демедің бе?!  
- Онда менің тұрағымды түртіп ал.  
- Дайын суретің жоқ па?  
- Бар! - дедім біртүрлі тебіреніспен. - Өзіңдікі ше?

- Фотоға сирек түсемін, - деді қабағын шытынып. - Өңді боп жаратылғанымға өкінемін. Қасақылар жүргізбейді. Саған бұйырсам жақсы болар еді.

Асығыста не айтып, не қойғаным толық есімде қалмады. Жеме-жемде мені тағы да қысастық бұсын. Зарықтырып кеп ойламаған жерде пайда бола қалған жұмбақ қызбен жолығысып сөз жарастыруым, оған құлай берілуім әншейін бір шыншылдығы кемшін жалған жарасымдай сезіліп еді. Мұншалықты ай маңдай ару маған басы бүтін бұйыруға тиісті емес. Сұлулықты сұмырайдай көріп, оған тас атқаным үшін қатал жазмыш мына бойжеткенді қайтер екен деп маған әдейілеп шолғыншылыққа жіберген. Санамдағы сапырылыс осындай ойға мәжбүрлеген-ді.

Меңде ерік қалмады. Оны тас қып құшақ-

ғаруымен өзіметуған беле боп келетін ауылдас қызға үйлендім. Ол мектепте мұғалім. Мен ауданға сәулетші боп орналастым. Заһыбым қақпайламай еркіме жіберді. Бір-бірімізді іштей ұғынысып, қабақпен түсіністік. Артық сөз жоқ екеуімізде. Мен тұйықтауым, ол ашық керісінше. Қабағым сәл түйілсе, ренішімді сейілтуге тырысады. Асты-үстіме түсіп бәйек болады. Жанары аялы, құшағы саялы сүйкімді әйелге жар болғанымға шүкіршілік қылсам да, оған аса беріле қоймадым. Өзімді салқын сабырға жеңдірдім. Әйелімді жақсы көріп алсам, жоғалтқан жамалымның тірі жүрсе назасына қалармын, өлі болса аруағына көлеңке түсірермін деп тартындым.

Ардағымды іздеуді жалғастыра бердім. Жалғастырайын деп те құлшынбаймын. Ырықсыз күштің мәжбүрлеуімен жолға шығамын. Жыл сайынғы еңбек демалысымды «жоғалтқанымды» іздеуге жұмсадым. Орал мен Атырауды, Маңғыстауды шарладым. Сыр бойын адақтадым. Өзімді-өзім қинап сандалған жылдарда, аяулы жан күндіз көз алдымнан кетпей, түнде түсімнен шықпады. Менің осыншалықты азапқа түскен сенделісіме қойнымдағы қосағым ғана ортақтаса білді. Есімі Мөлдір еді. Менімен қосыла мұңайып, қосыла жылайды. Түсім бір оңалсайшы. Көбінесе жылан тәрізденген балықпен арпалысамын. Жоғалтқан ғашығым арашаға ұмтылады. Әлгі тажал балық екеуімізді қоса жұтпақшы болғанда, Мөлдір шырылдап ара түседі. Жан даусым шығып, оянып кетемін де, балаша еңкілдеп жылаймын. Келіншегім де жылайды. Жыламағанда қайтеді, қойындасып жатқан қосағын шалық шалса, оған оңай деймісің. Қара жаяу емес, сезімталдық бар онда. Маған төніп келе жатқан бір сұмдықты етжүрегімен сезінетін тәрізді. Шіркіннің шыдамдысы-ай! «Қойсаңшы!» деп бір айтпайды-ау. Қоя салатындай менің де бірдеңені бүлдіріп жатқаным шамалы.

Бәлкім, сіз мені шатасқан дерсіз. Жоғалтып алған жамалының тұлға-тұрпатын тілмен

- Көзіне көрінбей-ақ қойсаңыз қайтеді?!

- Болмайды! - дедім сұмдықтай шырығып. - Оны отыз жыл бойы іздеп келемін.

Еш жағдай өзің ойлағаныңдай болмайды ғой. Шырынды көрген сәттегі жүрегімнің бұлқынысын тап басып айта алмаймын. Арбаға таңылған бейшара әйел ғұмыр бақида мен кезіктірмеген адам боп көрінді көзіме. Аянышты түрінен Шырынның өзі тұрмақ адам қалыбындағы әйелдік бейнені ажырату мүмкін емес. Алабұртқан көңілім күрттөмен түсіп кетті. Ондаған жыл бойында зарыға аңсап, дидарын бір көруге зар болған ардағымның аянышты түрі маған қапелімде құбыжық боп көрінді. Бас дәрігерден бастап, мейірбикелер мен күтушілерге шейін - бәрі-бәрі мені бағып тұр. Өң-түстерінде: «Енді бұл қайтер екен?», - деген аңтарылыс бар. Арбадағы мүскінде қозғалыс жоқ. Өлімші тірлікке мойын ұсынған көнбістікпен бізге бейтарап қарайды.

Қабырғадағы портретке көзім түсті. Деген күнімдегі бейнем Шырынмен қатысым болғандығын әйгілеп тұр. Өз суретім өзімді табалап тұрғандай көрінді де, жастық шағымды есіме алдым.

Шағын бөлмеде үнсіздік орнады. Күтуші әйел Шырынға бірдеңе деп ымдады. Қабырғаға ілінген портретті нұсқады. Байқап қалдым, онда тіл жоқ. Оң қолы шынтақ түбінен шолақ. Құлағы естімейтін тәрізді. Ақыл-есінде ауытқушылық бары байқалады. Бет әлпетінде сүрең жоқ, қатты тозып кеткен. Өңі оңған шүберектей боп-боз.

Өз-өзіме келе бастадым. Жыладым ба десем, керісінше, безеріп тұрған сықылдымын. Күтушінің ымдағанынан нәтиже шықпаған соң, әлгіндегі әйел жақындады оған. Шырын оны таныды. Қуанып қалды. Бөлесі қабырғадағы портретті нұсқады. Назары суретке ауған ол кемсеңдеді. Әйел оны мен жаққа қаратты. Қабырғадағы портретті біреу әкеп қолыма ұстата қойды. Суретімді кеудеме басып: «Бұл, мен ғой...» дегенді ишараладым. Сонда ғана ол маған назар аударды. Тұңғыық тұнжыр көзінде от қалмапты. Кенет сол өлеусіреген отсыз жанары шарасынан шығардай шатынап бара жатты. Назарының өткірлігі соншалық, тіке өңменімнен өтіп кетті. Арбадан ауып түсердей жантала-са бұлқынған ол маған қарай еңсеріле берді де, шыңғырып жіберді.

«Н-и-и-я-з!» - деді созылыңқы үнмен. Іле талып кетіп еді, мүгедектер үйінің қызметшілері абыр-сабыр болды да қалды.

- Барыңыз! Шыға тұрыңыз! - деді бас дәрігер қатты бұйырып. - Сізді танып қалды.

Қайтып жүздесе алмадым. Жағдайы нашарлап қалыпты. Жақындары кеп жатты. Әке-шешесі көз жұмған. Ағасы мен апасы мені кергенде тіксінді. «Шырынға қайтып көрінуші болма!», - деп ескерту жасады. Оның апатқа ұшырауына себепкерсің дегенді

ды. Аздап ескіргенімен, бейнем бәз қалпында. Жиырманың ішіндегі қияпатты бозбала жастық шағымды еске түсіріп, көзіме жас келтірді.

Шырын алдындағы суретті сау қолымен сипай түседі. Жансыз бейнемен үнсіз тілдесуді күн ұзын жалғастыратын көрінеді. Оны маған күтуші әйел құпиялап жеткізген. Сәл кідірістедік. Келісілген межеден асыңқырап бара жатқанда, дәрігер мені көзімнен түйреп:

- Шығайық! - деді зілді үнмен. - Танып қалса, жағдай жаманға айналады.

- Несі жаман?! - дедім қатуланып. - Өзіңде жүрек жоқ қой дәрігер басыңмен!

Шырынның бөлесі маған жапақтап қарай берді. Ендігісін өзің шеш дегенді емеурінмен байқатты. Алдымен бөлесі көрінді. Маңдайынан сүйді. Екінші кезекте мен шықтымының алдына. Өзімді қатаң қалыпта ұстаған кейіпте:

- Нияз! Ниязбын ғой! - деп алдындағы суретті нұсқадым. Сонда ғана шұғыл серпілді. Маған назар тоқтатты. «Келсеңші. Бері жақындасаңшы» дегендей еді. Алақанымды қолына жұғыстыра бергенімде, білегіме шап етіп қарысты да қалды.

Шиеленісті жағдай оңай шешілді. Сол күннен бастап кембағалдар мекенінің есігі маған кедргісіз ашылды. Шырынға күн сайын келіп тұрдым. Көрінбесем мазасы кетеді. Қасында сағаттар бойында отырамын. Сау қолын қалам ұстауға бейімдедім. Қағазға түскен алғашқы сөзі: «Сені көп күттім» делінді. Ойын анық жеткізе алмайды. Жазуы айбақ-сайбақ құр шатпақ. Қаламмен түртінү күні бойғы ермегіне айналды. «Әкем қайда? Шешем неге келмейді?» деген жолдарды оқығанда көзіме жас аламын. Кітап оқып, теледидар көруге шамасы жоқ. Қасында болған күндерден бастап кітап оқуға дағдыландырдым. Күніге екі-үш бетті еңсереді.

Үйден хат келген. Қызым тұрмысқа шығайын деп жатқан көрінеді. Жол жүретінімді қағазға түсіріп едім, қатты бүлінді. Безірейген салқын жанарына жас үйірілді. Білегіме жабысып, жібермей қойды.

Ауылда біраз болып келсем, Шырын нашарлап қалыпты. Менсіз оның тірлігі оңалмайтынына көзі жеткен жақындары: «Осында тұрып қал. Қатын-балаңды көшіріп ал!», - деп үгіттеді. Содан бері бес-алты айдың жүзі ауды. Бақырана байғұс маған қатты бауыр басып алды. Денсаулығы бір шама оңалып келеді. Жақында әйелім кеп кетті. «Әзірше осында бола бер», - деп кеңшілік жасады. Мөлдір десе, мөлдір-ау, шіркін! Ер сыйлаған әйел сондай-ақ болсын.

Бір мезгіл сыртқа шығарамын. Қоршаудың ішінде қыдыртамын. Онымен үнсіз тілдесуге төселіп алдым. Ымға ептеп түсінеді. Суретімді қолынан шығармайды. Қарсы алдына қойып алып, соған тесіледі де отырады...

...

Онымен әңгімем бір аптаға созылды.

Қамқоршыға зәру емес екен. Арнайы бөлмеде күтімге алынған. Шырынның жағдайына бола мүгедектер үйінің есепшотына туысқандары ақша аударып тұрады екен. Сенделіп жүрдім-жүрдім де елге қайттым. Әйелім жылап көрісті. Қатты жүдеп кетсем керек. «Мына бетіңде мені жесір, балаларыңды жетім қалдыратын түрің бар-ау!» деп сұңқылдасын. Қызғаныштан емес, мені аяғандықтан. Расында, еңселеп қалған едім.

Онымен әңгімем бір аптаға созылды. Шырынның әкесі сот болғанын шешесі мұғалім екенін бөлесінен естіп біліпті. Сұлулықты шешесінен еншілепті. Әкесі де келісті келсе керек. Бір үйде үш бала болған. Шырын әке-шешенің кенжесі, еркелікке жоқ, тұйық боп өсіпті. Әке - сұсты, шешесі мінезді әйел болса керек. Есті қыз әке мен шешенің дегенінен озбаған. Құрбыларына қосылмай, көбінесе жеке жүрген көрінеді.

Орал педагогикалық институтында оқып жүргенде әкесі алыс ауданнан апта сайын ат сабылтып кеп қызын бір көріп кетеді екен.



ұмсынған қолдың тырнақтары мейлінше өсіңкі. Қылқаламмен бейнеленген әйел кекселеу көрінеді. Дегенмен де дидарында жастықтың уыз табы бар сықылды. Шатынаған шаралы көздерінен аздаған уыт байқалады. Тағдырына беріспеген қайсарлықпен алдыңғы жаққа қаймықпай тік қарайды. Сонымен қоса қабат, әлдебір бейнені назарында ұстап қалуға тырысатындай ма?! Бұлыңғыр тұман арасынан қылаң берген кескін біресе алыстап, біресе жақындап, бояулар үйлесімінің құдіретімен сан құбылады. Арбаға таңылған әйел назарындағы еркек бейнесі көзіме жылы ұшырай кетті. Сәтте сан ойдың басын шалдым. Жоғалтқан аруға су-ретімді ұсынғаным есіме түсе кетті де: «Мынау мен ғой! - дедім өзімнен аумамай қалған суретке қадалып.

Даусым қатты шығып кетсе керек, көрмеге келгендер елеңдеп маған қарады. Инеліктей имиген жүн сақал суретші қолын ұсынды. Көзі өткір екен, өңменімнен өтіп барады.

- Ағасы, кімді танып тұрсыз? - деді менің түрімнен жағдайымды шамалаған ыңғайда. - Бұл кескіндеме шындықтан алынған. Өмірде бар адамның тағдыр-талайы.

- Ол қайда? - дедім алабұртып.  
- Осы қалада тұрады.

Есімнің шыққаны соншалық, тұра жөнелейін. Сыртқы есікке барып қалған мені жүн сақал жігіт зорға тоқтатты. Қылқаламға іліккен мүгедектің жағдайын түсіндірді.

Абайлау керектігін қадап айтты. Сөздің расына көшіп:

- Ақыл-есі дұрыс емес, халі мүшкіл оның, - деп ескертті. - Сабыр сақтамасаңыз, өзіңізге де, оған да ауыр тиеді.

Қаланың шет жағындағы мүгедектер тұрағына жеткенімде, күн еңістеп, ыстықтың беті қайта бастаған еді. Ақ Жайықтың буырқана бұлқынған ағысында маған деген наразылық байқалғандай ма. «Қолыңа сәтімен қонған көгершінді үркітіп алғаныңды өзіңнен көрмесең, кімнен көресің?!» дейтіндей. Сонда неде болса онымен бірге еріп кетуім керек еді. Қатерге ұрынатынын көрген түсімен сездірген еді-ау! Өзімді тежесем де болар емес, көңілім алай-түлей. Екі қабат сұрғылт үй қапелімде мүрдехана тәрізді көзіме суық шалынды. Ішке енуге бата алмай тұрғанымда, бір әйел қарсы ұшырасты. Әлгі бейтаныс мен жоғалтқан аруға ептеп ұқсайды. Содан да оны сөзге тарттым. Жоғалып табылған аяулымның есімі Шырын боп шықты. Онымен туған бөле екен мына әйел. Осыдан отыз жыл бұрын жол апатына ұшырап, ғаріп боп қалған.

- Бір суреттен айрылмаушы еді, сол сіз емес пе? - деді ол маған сұраулы жүзбен телміріп. - Көзінен таса қылғысы жоқ. Портрет қып үлкейтіп бергенбіз. Соған тесіліп қарайды да жатады.

Тұра жөнелгенімде, әйел мені бөгеп жалына бастады.

Отбасының жылуы мұздаған жүрегімді жылыта алмады. Аңсарым Орал жақта. Қаланың шеткергі көшесінде еңсесі түсіңкі ескілеу мекенжайдың шағын бөлмесінде кеудесінде құр шықпаған жаны ғана бар, өлі мен тірінің аралығында жатқан ғазиз жанға деген аяушылығым ішімді жегідей кеулеп барады. Махаббат дейміз, достық дейміз, соның бәрінен де кісіге деген мейірімнен бастау алған аяушылыққа жететін не бар?! Аяушылық қимастықпен қосарланғанда ықты-жарды тыңдамайды екен. Шырынды қиялымда өбектеп жүре бергенімде мұндайлық дағдарысқа килікпейтін едім. Арманымның алтын құсы боп жүрегімде өле-өлгенімше жүре беретін еді. Енді маған жалтарып, бас амалдаудың ауылы алыс. Бар еркім соның жолында. Отыз жыл шарқ ұра іздеп, ақыр-соңында табысқанымды қайтейін, қатал тағдыр мені тағы да сынаққа тап қылды.

Ұзын сөздің қысқасы, отбасыма тұрақтай алмадым. Ішімді үңгіген жегі шыдатар емес. Бұл қалпында айықпас дерт жамап алуым кәдік. Соны сезген әйелім саудадан түсірген аздаған пұлын қалтама салды да: «Қайда да аман жүр!», - деп қош-қошын айтып қала берді. Балаларға білдірмедік. Ауыл-аймақ, туыс-туған бейхабар шарасыз шырғалаңнан. Достарыма сыр ашпаймын.

Күздің кірісі еді. Мүгедектер үйінің қызметшілері мені алғашқыда танымай қалды. Әншейін бір қалыс адамдай өзімді бейтарап ұстадым. «Шығармашылықпен айналысатын едім, соған тақырып іздеп жүрмін» деп жалтардым. Шырынның бөлмесіне өте алмадым. «Туысқандарынан рұқсат керек» деп алдымды бөгеді. Күтушіге, медбикеге ақша ұсынып едім, азар да безер болды. «Нансыз қаламыз, жұмыстан шығарып жібереді» деп ол жататын бөлмені құлыптап тастады.

Басшылары бұлардан өткен безер боп шықты. «Тиісті орындарға мәлімдеп ісіңді қаратамыз» деп дөң айбат кәрсетті. Бірақ мен алған бетімнен қайтпадым. Қалайда бір көрінуім керек оған. Соның амалын қарастырғанда, Шырынның бөлесі түсті есіме. Алыс ауданда тұратын оны арнайы іздеп бардым. Өткендегі жүздесуден соң, Шырын қатты бүлініпті. Ақыл-есінен айырылып, өзін-өзі жұлмалап жынданудың шегіне жеткен. Сол себептен де бөтен адамдарды оған жіберуге тыйым салынған. Шырынның бөлесі мені түсінді. Күйеуінің қазасына қарамастан, мені ертіп Оралға келді. Бейбақпен жүздесудің бүге-шігесіне шейін пысықтап шықтық. Мендегі мақсат - оны бір көру. Артық-ауыс оғаштыққа бармай, өзімді тежеп ұстауым керек.

Қырынып өңімді оңап алғанмын. Бөлмеге кіріп барғанымызда, ол өзімен өзі болып отырды. Бізді елей қоймады. Қабырғадағы портрет өз орнында тұр. Екінші бір нұсқасы Шырынның алдында жатыр. Баяғы өзім оған ұсынған суретім көзіме жылыұшырап бара-

«Соттың ақ қызы» атанған оған жігіттер батып сөз айта алмапты. Сондайлық көрікті, көркем бойжеткенді нысанаға алғандарда есеп болмаған. Біріне де қайырылмаған. Бөлесіне құпиялап: «Бір жігіт көзіме толмайды. Мені сүйетін еркек заты әлі тұмаған-ау, шамасы?» - дейді екен ойын-шыны аралас. Бір сұқты көз қадалып соңынан қалмай жүріпті. Қыздың апатқа ұшырауына себепші сол деген долбар бар. Екеуден екеу немере ағасының жеңіл мәшинесімен ауылға бара жатқанда, жұмбақ жағдайда жол апатына ұшыраған. Рөлдегі жігіт тіл тартпай кетіпті.

Мүгедек жанды қайтіп көре алмадым. Күз қабағы түйіліп, күн суыта бастады да, аспан асты түстікке қайтқан құстардың үздік-создық керуеніне толып кетті. Келесі күнгі жолығысқа Нияз жеке келді.

- Шырын қалай?

- Бірқалыпты, - деді тұнжырап. - Кешегі келісілген уәде бойынша жазғандарын әкелдім.

Ірі әріппен қағаз бетіне ойдақ-сойдақ түскен шатпақты бірден оқып кету мүмкін емес. Жазу іздері біресе бадырайып, біресе көмескі тартып кетеді. «Мен кеттім... син қалдың» деп басталған. Одан әрі апатқа ұшырағанынан дерек келтірген. Анық емес, оқиғаның нобайы ғана бар. Жобалағанда былай: «Мені анау оңбаған өлтірді. Сен тірісің... мен жоқпын. Маған айтасың... тіріл деп. Тірілсем... суретіңді тастап кетіпсің. Келем дейсің де келмейсің. Анау күнде келеді. Мені өлтірмекші боп... Сен келмей қойдың. Неге келмедің? Анадан қорықтың ба? Мен оны жек көрдім. Сені жақсы көрдім...»

Жігітті бір сәтке де ойынан шығармаған. Есі кіресілі-шығасылы боп жатқанда да «суреттен» айнымаған. Оның дидарын жанына медет тұтқан. Сүйген жігітінің бейнесінен бойына қуат алған, күш жиған.

Кенет, ол селт етіп:

- Қой, кетейін, - деді менен кешірім өтінген сыңайда. - Құлағым шыңылдап кетті. Шырын іздеп жатқан шығар...

Бас изедім де қала бердім. «Тоқта, сенен сұрайтын сөзім бар» деуге батылым бармады. Құрғақ сөзден не шығады?! Аз күн жүз көрісіп, ой бөліскен әлгіні қимай тұрмын.

Күн тыншу еді. Бақтағы орындықта тапжылмай ұзақ отырдым. Көңілде қайбір тиянақ қалғандай, құлазып сала бердім. Адам қызық, бірге жүрген досыңды көзден кетсе, ұмыта саласың. Бір көрген жүз таныстың қимасыңдай ыстық көрінетіні қалай? Жүйе-жүйем босап, ішім есіліп бара жатты.

Қайтатын күні мүгедектер мекеніне бас сұқтым. Нияз сыртта жүр екен.

- Аға, сүйінші! - деді есі қалмай. - Шырынның тілі шықты.

Көзінде жас тұрды. Таңғы шықтай мөлдір, әрі таза.

**Қарағанды облысы,  
Ақадыр бекеті.**